

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Мемлекеттік материалдық резервтер
комитетінің төрағасы


_____ А. Сәдуа
2016 жылғы 21 қаңтар

2016 жылға арналған Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика
министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің
мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан
шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлік комиссияның жұмыс
регламенті

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлік комиссия (бұдан әрі – тендерлік комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес өз жұмысын жүзеге асырады.

2. Қағидаларға сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендердің ұйымдастырушысы болып Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті болып табылады.

3. Тендерлік комиссия құрамына төраға, төраға орынбасары және тендерлік комиссия мүшелері кіреді.

Тендерлік комиссия төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.


4. Тендерлік комиссия мүшелері санының үштен екісінен кем емес қатысушы және төраға немесе оны ауыстыратын тұлға қатысқан жағдайда ғана комиссия отырысы заңды болып есептеледі.

5. Тендер 2016 жылдың әрбір сәрсенбі күні сағат 11.00-де өткізіледі.

6. Тендерлік комиссия 2016 жылы жаңадан шығарылатын тауарлар бойынша лоттың кесімді бағасын тауарлардың орта статистикалық, орта нарықтық бірақ мемлекеттік материалдық резервке сатып алған бағадан төмен емес бағаларын есепке ала отырып, айқындайды.

2015 жылы сатылмаған тауарларға қатысты лоттардың кесімді бағасы 2015 жылғы 23 желтоқсандағы тендерлік комиссияның шешіміне сәйкес белгіленеді.

Тендерге қатысу туралы өтінім болмаған жағдайда, тендерлік комиссия шешімі бойынша лоттың кесімді бағасын қадамдық өзгерту ағымдағы



тендерлік комиссия отырысында жүзеге асырылады. Қағидаларға сәйкес тауарлардың кесімді бағасын кезең-кезеңмен төмендеуі 2016 жылды шығарылатын барлық тауарларға қолданады.

7. Тендерлік комиссияның хатшысы өтінімдер бар екендігін әр сейсенбі сайын сағат 18.30-ға дейін тендерлік комиссия мүшелеріне хабарлайды.

8. Тендерге қатысу туралы өтінім тендер өткізілгенге дейін тендерлік комиссия хатшысының сейфінде мөрленген конвертте сақталады және тендерлік комиссия отырысында ашылады.

9. Хатшы тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы хабарламаны дайындап, тендер өткізілген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде тендерді ұйымдастырушының интернет Ғаламтор-қорында орналастырылады.

10. Тендерлік комиссия отырысының хаттамасын тендер өткен күні хатшы дайындайды және тендерлік комиссия мүшелері қол қойып www.kgmr.gov.kz сайтына орналастырылады.

11. Тараптардың мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарды шығару шарттарын дайындауы және қол қоюы тендерлік комиссияның хаттамалық шешімі негізінде жүзеге асырылады.

12. Тендерлік комиссия отырысы аудио-видео жазбаларымен қоса жүргізіледі.


Комиссия төрағасы:

А.Т. Қадырбеков




Комиссия мүшелері:


Н.Ф. Айғараев



Д.А. Нұрқанов



А.А. Арпабаев




М.Ж. Орынбаев



Т.А. Лигай



Е.А. Қиялбеков



Комиссия хатшысы:

Н.М. Иманбаев

